

Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі елді мекендерінің көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 3 ақпандағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 ақпанда № 8398 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 – бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 – бабының 2 – тармағына сәйкес, Солоновқа ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысын негізінде, Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі Солоновка ауылдының келесі көшелері:

- 1) "Советская" көшесі – "Әл-Фараби" көшесі;
- 2) "Восточная" көшесі – "Бастау" көшесі;
- 3) "Колхозная" көшесі – "Наурыз" көшесі;
- 4) "Юбилейная" көшесі – "Жерүйық" көшесі;
- 5) "Октябрьская" көшесі – "Мұзтау" көшесі;
- 6) "Школьная" көшесі – "Ахмет Байтұрсынұлы" көшесі болып қайта аталсын.

2. Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі Малонарым ауылдының келесі көшелері:

- 1) "Советская" көшесі – "Тәуелсіздік" көшесіне;
 - 2) "Береговая" көшесі – "Нарын" көшесіне;
 - 3) "Мира" көшесі – "Бейбітшілік" көшесіне;
 - 4) "Комсомольская" көшесі – "Наурыз" көшесіне;
 - 5) "Октябрьская" көшесі – "Қазақстан" көшесіне;
 - 6) "Жданова" көшесі – "Болашақ" көшесіне;
 - 7) "Пламенская" көшесі – "Дінмұхамед Қонаев" көшесіне;
 - 8) "Интернациональная" көшесі – "Достық" көшесі болып қайта аталсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Д. Батекенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК